



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТІЛДІ

Ғылыми кеңес отырысы

Хаттама № 1

29.08.2025 ж.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕСІ

**Астана,
2025**

1 Қолданылу саласы

1.1 Осы «Қазақ ұлттық спорт университеті» ЖШС-дегі дуальды оқыту жүйесі туралы» Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақ ұлттық спорт университеті» ЖШС-де (бұдан әрі – Университет) дуальды оқыту элементтері бар білім беру процесін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, шарттарын мен тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже білім беру бағдарламаларының департаменттеріне, сондай-ақ дуальды оқытудың элементтері бар оқу процесін ұйымдастыруға қатысатын тұлғаларға арналған.

1.3 Университет департаменттерінің дуальды оқыту жүйесін енгізу жөніндегі қызметін үйлестіруді Мансапты дамыту орталығы жүзеге асырады.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.3 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі №361 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2.5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 қазандағы №1093 қаулысы «Өндірістік кәсіпорындар жанынан біліктілікті арттыру және қайта даярлау оқу орталықтарын құруды және олардың жоғары оқу орындары мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальды білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы».

3 Белгілер мен қысқартулар

ОБ	Оқу бағдарламасы
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары
ДОЖ	Дуалды оқыту жүйесі
АҚД	Академиялық қызметтер департаменті
ББД	Білім беру бағдарламалары департаменті
МДО	Мансапты дамыту орталығы

4 Жалпы ережелер

4.1 Дуальды оқыту жүйесі (бұдан әрі – «ДОЖ») – теориялық дайындық бөлігі білім беру ұйымының базасында, ал практикалық бөлігі өндірісте жүзеге асырылатын оқыту түрі. Осыған байланысты Университетте ДОЖ-ды енгізу кадрларды даярлаудың жоғары оқу орнында оқытуды кәсіпорында/серіктес ұйымда міндетті өндірістік оқыту кезеңдерімен ұштастыратын нысанын іске асыруға бағытталған, бұл ретте кәсіпорынның/серіктес ұйымның және Университеттің жауапкершілігі тең дәрежеде қамтамасыз етіледі әрі жұмыс орындары ұсынылады.

4.2 Университетте дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу кадрларды даярлау деңгейін экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындатуға, оқытудың өндіріспен байланысын нығайтуға, сондай-ақ түлектерді табысты жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

4.3 Дуальды оқыту элементтерімен жүзеге асырылатын оқу процесін енгізу, ұйымдастыру және оның сапасын бақылауды білім беру бағдарламаларының департаменттері (ББД) жүзеге асырады.

4.4 Білім беру бағдарламалары департаменттерінің қызметін үйлестіруді Мансапты дамыту орталығы (МДО) жүзеге асырады.

5 Дуальды оқыту жүйесінің мақсаттары мен негізгі міндеттері

5.1 Дуальды оқыту жүйесінің мақсаты – кадрлардың кәсіби даярлығын жетілдіру, даярлау деңгейін жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындату, оқытудың өндіріспен байланысын нығайту.

5.2 Дуальды оқыту жүйесінің негізгі міндеттері:

5.2.1 еңбек нарығының қажеттіліктеріне, сондай-ақ экономика мен білім беру салаларының даму серпіні мен перспективаларын ескере отырып, мамандар даярлау;

5.2.2 әлеуетті серіктестікті жетілдіру;

5.2.3 экономика салаларының индустриялық-инновациялық даму талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын өзгерту және сапалы жаңарту;

5.2.4 нақты өндірістік жағдайларда білім алушыларға кәсіби тәжірибені беру үшін қажетті жағдайлар жасау;

5.2.5 университет түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

6 Дуальды оқыту элементтерін пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыру

6.1 Дуальды оқыту жүйесі - базалық және бейіндік пәндер бойынша практикалық сабақтарды, сондай-ақ практиканың барлық түрлерін оқытушы кәсіпорынның базасында өткізу мүмкіндігін көздейді.

Дуальды оқытудың қатысушылары:

1) меншік нысанына қарамастан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖЖОКБҰ);

2) меншік нысанына қарамастан кәсіпорын/серіктес ұйым;

3) білім алушылар.

6.2 Кәсіпорындарда/мекемелерде дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу төмендегілермен реттеледі:

- осы Ережемен;

- дуальды оқыту туралы шарттармен;

- кәсіпорынмен/серіктес ұйыммен келісілген оқытушы кәсіпорынмен бірлескен қызмет жоспарымен;

- пәннің жұмыс оқу бағдарламасымен (силлабуспен).

6.3 Дуальды оқыту аясында іріктеу білім алушылардың жеке өтініші негізінде жүргізіледі.

6.4 Дуальды оқыту жүйесі екі негізгі кезеңнен тұрады: теориялық және практикалық. Теориялық дайындық университет базасында жүзеге асырылады, ал практикалық бөлім кәсіпорындар/серіктес ұйымдардың жұмыс орындарында өтеді.

6.5 Кәсіпорындар/серіктес ұйымдар базасында дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу процесі университеттегі сабақтармен қатар жүргізіледі.

6.6 Дуальды оқыту элементтері бар оқу процесін жоспарлау кредиттік оқыту технологиясының қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.7 Университет білім беру процесінің толық көлемін қажетті ақпараттық ресурстармен, оның ішінде оқулықтармен, оқу және оқу-әдістемелік құралдармен, оқу пәндері бойынша материалдармен, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған ұсынымдармен, электрондық оқулықтармен және желілік білім беру ресурстарына қолжетімділікпен қамтамасыз етеді.

Өз кезегінде кәсіпорын/серіктес ұйым кәсіби оқыту жүргізуге арналған жұмыс орындарын ұсынады.

6.8 Университетте дуальды оқыту жүйесінің элементтерін бірлесіп іске асыру туралы шарттар жасалған кәсіпорындар/серіктес ұйымдардың тізбесі қалыптастырылады.

6.9 Дуальды оқыту жүйесі үшін кәсіпорын/серіктес ұйымды таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

- кәсіпорынның/серіктес ұйымның жарғылық қызметінің білім беру бағдарламасының бейініне сәйкестігі;

- заманауи материалдық-техникалық базаның болуы;

- білікті кадрлардың болуы.

6.10 Дуальды оқыту жүйесінің мазмұнының міндетті компоненттері кәсіпорынмен/серіктес ұйыммен келісілген:

6.10.1 дуальды оқыту жүйесін іске асыру туралы екіжақты шарт (Университет – Кәсіпорын) (1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

6.10.2 дуальды оқыту жүйесін іске асыру туралы үшжақты шарт (Университет – Кәсіпорын – Білім алушы) (2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).

Дуальды оқыту шарттарының негізінде кәсіпорын (ұйым) білім алушыларға өндірістік оқыту мен кәсіби практиканы басқару үшін өз қызметкерлері арасынан тәлімгерді бекітеді.

6.10.3 сабақтарды өткізу кестесі (3-қосымшаға сәйкес);

6.10.4 дуальды оқытуға жіберілетін білім алушылардың тізімі (4-қосымшаға сәйкес);

6.10.5 білім алушылардың жеке өтініші (5-қосымшаға сәйкес);

6.10.6 білім беру бағдарламасы;

6.10.7 жұмыс оқу жоспары.

6.11 Дуальды оқыту жүйесін ұйымдастыру және өткізу үшін:

6.11.1 Университет:

- дуальды оқыту жүйесі туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- кәсіпорынмен дуальды оқыту жүйесі туралы шарт жасайды және оған қол қояды;

- дуальды оқыту мерзімдерін және кәсіпорынға жіберілетін білім алушылардың тізімін келіседі;

- дуальды оқытуды ұйымдастыру, білім алушыларды кәсіпорынға/мекемеге жіберу, сондай-ақ оқытушы кәсіпорында студентке тәлімгер тағайындау туралы бұйрықтар шығарады;

- білім алушылардың МЖМБС-қа, жұмыс оқу жоспарына және практикалық сабақтар бағдарламасына сәйкес толық көлемде білім алуына жауапты болады.

Дуальды оқытуға арналған жұмыс оқу жоспарын университет дербес әзірлейді және ол дуальды оқытуды ұйымдастырудың негізгі оқу құжаты болып табылады;

- дуальды оқыту ұйымдастырылатын оқу пәндерінің тізбесін дербес айқындайды;

- кәсіпорынның (ұйымның) өндірістік қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген силлабус негізінде дуальды оқыту бағдарламасының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Бағдарламада ЖЖОКБҰ-да және тікелей өндірісте меңгерілетін тақырыптар, мәселелер мен материал көлемі көрсетіледі және әрбір кәсіпорын (ұйым) үшін жеке әзірленеді;

- білім алушылардың кәсіпорында қолданыстағы Жарғыны, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбекті қорғау, өмір қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі талаптарын және кәсіпорынның өзге де жергілікті актілерін сақтауына жауап береді;

- білім алушылардың оқыту және өндірістік процесс бойынша оқытушы мен тәлімгердің нұсқауларын орындауын қамтамасыз етеді;

- кәсіпорын өкілдерін (жұмыс берушілерді) қорытынды бақылауға және/немесе қорытынды аттестаттауға тартуы мүмкін;

- кәсіпорын мамандарын тиісті білім беру бағдарламасы бойынша арнайы пәндерден дәріс оқуға тарта алады.

6.11.2 Кәсіпорын:

- университетпен дуальды оқыту жүйесі туралы шарт жасайды;

- дуальды оқыту мерзімдерін және білім алушылардың тізімін келіседі;
- келісілген көлемде және мерзімде білім алушыларды оқуға қабылдайды;
- білім алушыларды жарғымен, ішкі тәртіп ережелерімен, санитариялық, өртке қарсы және өзге де міндетті нормалармен, сондай-ақ серіктес ұйымдағы жұмысқа орналасу мүмкіндіктерімен таныстырады;
- әрбір білім алушылар тобына практикалық білім мен дағдыларды үйрету үшін білікті мамандар қатарынан тәлімгер бекітеді;
- дуальды оқыту бағдарламасының кәсіпорында іске асырылуын қамтамасыз етеді және тиісті жағдайлар жасайды;
- дуальды оқыту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес практикалық материалдар мен процестерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді;
- санитариялық талаптарға, еңбекті қорғау, өмір қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етеді, сондай-ақ еңбек заңнамасында көзделген жағдайларда медициналық тексеруден өтуге қаражат бөледі.

6.12 Дуальды оқыту жүйесі бойынша кәсіби өндірістік оқыту аяқталғаннан кейін білім алушы теориялық курсымен бірге университеттің емтихан сессиясының кестесіне сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде кәсіпорын/мекеме өкілінің қатысуымен емтихан тапсырады.

6.13 ЖЖОКБҰ-дағы және өндірістегі оқу сабақтарының арақатынасы пән бойынша оқу материалының кемінде 40%-ы тікелей өндірісте (технологиялық, шығармашылық, қаржы-экономикалық, психологиялық-педагогикалық процестер) меңгерілуі тиіс деген қағидат негізінде айқындалады.

6.14 Университеттің сабақ кестесінде дуальды оқыту жүзеге асырылатын пәннің атауы, тәлімгердің аты-жөні және өндірістік оқыту жүргізілетін кәсіпорын/серіктес ұйымның атауы көрсетіледі.

Кәсіби практика және өндірістік оқыту кезеңінде білім алушыға Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кәсіпорынның ішкі еңбек тәртібі қағидалары қолданылады.

6.15 Кәсіби практикадан өту кезеңінде білім алушы белгілі бір еңбек міндеттерін орындайды, олар оның еңбек өтіліне есептеледі. Білім алушының еңбек қызметін растайтын құжат – дуальды оқыту туралы шарт болып табылады.

6.17 Өндірістегі мамандардың (тәлімгерлердің) білім алушыларды оқытқаны үшін еңбекақысы университет тарапынан белгіленген нормаларға сәйкес немесе дуальды оқыту туралы шартта көзделген тәртіппен өтеусіз негізде төленеді.

6.18 Кәсіпорын қызметкерлері университетте дәріс оқуға немесе сабақтың өзге де түрлерін өткізуге тартылған жағдайда, төлем белгіленген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

6.19 Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру кезінде:

6.19.1 Карьера орталығы:

- белгіленген нысан бойынша кәсіпорындармен/серіктес ұйымдармен шарттар жасасу;

- дуальды оқыту жүйесін іске асыруға арналған нормативтік-құқықтық базаны дайындау және өзектендіру;

- Университет сайтында дуальды оқыту жүйесін бірлесіп іске асыратын серіктес кәсіпорындар тізбесін жыл сайын жаңарту және орналастыру;

- Университетте дуальды оқыту жүйесін іске асыруды сүйемелдеу, бұйрықтарды уақтылы шығару және есептік құжаттаманы рәсімдеу;

- дуальды оқыту жүйесін іске асыру процесінің нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкестігіне аудит жүргізу;

- дуальды оқыту жүзеге асырылатын академиялық кезең басталғанға дейін кемінде 10 (он) күн бұрын пәндер, білім алушылар, кәсіпорыннан бекітілген оқытушының аты-жөні мен лауазымы көрсетілген бұйрық шығару;

- қажет болған жағдайда құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері мен жетекші оқытушыларды тарта отырып жұмыс тобын құру мәселелерін шешеді.

6.19.2 Академиялық қызметтер департаменті:

- кәсіпорын/серіктес ұйым, пән, триместр, курс және оқыту тілі көрсетілген қызметтік жазбаны рәсімдейді (сабақ кестесіне енгізу үшін). Қызметтік жазба ДОП директоры, КО басшысы және академиялық және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор тарапынан визаланады;

- дуальды оқыту компоненттерінің қолданыстағы жұмыс оқу жоспарларына сәйкестігін тексереді;

- дуальды оқыту элементтерін іске асыру процесінің нормативтік құжаттарға сәйкестігіне тұрақты аудит жүргізеді және есептік құжаттаманың дайындалуын бақылайды.

6.19.3 ББД директоры:

- дуальды оқыту элементтерін бірлесіп енгізу жоспарланған кәсіпорын/серіктес ұйымды анықтайды және таңдайды;

- білім алушыларды оқыту процесі мен бағалау нәтижелерін бақылауды (эдвайзермен бірлесіп) жүзеге асырады;

- дуальды оқыту элементтерін енгізу қорытындылары бойынша есепті рәсімдейді және деканмен келіседі;

- жұмыс оқу жоспарын әзірлейді және оны АҚД-мен келіседі;

- Университет тарапынан кәсіби практика жетекшісін тағайындайды;

- білім алушыларды практика бағдарламасымен және өндірістік практика материалдарымен қамтамасыз етеді;

- кәсіпорын-серіктеспен бірлескен қызмет жоспарының нысанын әзірлейді.

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

Астана қаласы «___» _____ 20__ ж.

«Қазақ ұлттық спорт университеті» ЖШС, БИН 210340015567, бұдан әрі – «Университет» деп аталып, Жарғы негізінде әрекет етуші ректор Куанғалиева Турсынзада Куанғалиевна тұлғасында, бірінші тараптан және _____, бұдан әрі – «Кәсіпорын/мекеме» деп аталып, Жарғы/Ереже негізінде әрекет етуші _____ тұлғасында, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп – «Тараптар» деп аталады, **Университет білім алушыларының тәжірибелік даярлық сапасын көтеру жолында ынтымақтастықты дамыту және дуалды оқыту жүйесін енгізу мақсатында төменде көрсетілгендер бойынша осы шартты (келесі мәтін бойынша-Шарт) жасады:**

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тараптар білім алушыларға қатысты Университетте күндізгі оқу түрінің _____ білім беру бағдарламалары бойынша дуалды оқытуды бірлесіп ұйымдастыру мен іске асыруда міндеттемелер алады.

1.2 Осы шартта Тараптар өздерінің өзара қарым-қатынасында «Қазақ ұлттық спорт университеті» ЖШС-нің дуалды оқыту жүйесі туралы Ережені басшылыққа алады.

Дуалды оқытудың мақсаты жоғары кәсіби білім берудегі МЖМБС сәйкес _____ біліктілігін игеру бойынша білім алушыларының білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі, сонымен бірге дене шынықтыру және спорт саласында олармен практикалық жұмыс дағдыларын игеру болып табылады.

1.3 Дуалды оқытуды іске асыруға байланысты қаржылық және өзге де шарттарды Тараптар қосымша айқындайды және жекелеген келісімдер түрінде ресімделеді.

ДОГОВОР О СОТРУДНИЧЕСТВЕ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ

г. Астана «___» _____ 20__ г.

ТОО «Казахский национальный университет спорта», БИН 210340015567, именуемое в дальнейшем «Университет», в лице Ректора Куанғалиевой Турсынзада Куанғалиевны, действующего на основании Устава, с одной стороны, и _____, именуемое _____ в _____ дальнейшем «Предприятия/учреждение», в лице _____, действующего на основании Устава/Положения, с другой стороны, именуемые в дальнейшем «Стороны», в целях дальнейшего развития сотрудничества в области повышения качества практической подготовки обучающихся Университета и внедрения дуальной системы обучения заключили настоящий Договор (далее по тексту - Договор) о нижеследующем:

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1 Стороны обязуются совместно организовывать и осуществлять дуальное обучение в отношении обучающихся Университета очной формы обучения по следующим образовательным программам: _____.

1.2 В настоящем Договоре Стороны в своих взаимоотношениях руководствуются «Положением о дуальной системе обучения ТОО «Казахский национальный университет спорта».

Целью дуального обучения является обеспечение качественного освоения обучающимися образовательной программы высшего образования в соответствии с ГОСО по освоению квалификации _____, а также приобретение ими практических навыков работы в области физической культуры и спорта.

1.3 Финансовые и иные условия, связанные с реализацией дуального обучения, определяются Сторонами дополнительно и оформляются в виде отдельных соглашений.

1.4 Осы шартпен түсіндірілмеген барлық құқықтар мен міндеттер «Қазақ ұлттық спорт университеті» ЖШС-нің дуалды жүйесі туралы Ережеде көрсетілген тәртіпте орындалады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Университет міндетті:

2.1.1. Дуалды оқыту пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы, Кәсіпорын/мекемелер базасында оқуды өткізу мерзімі, Кәсіпорын/мекемелер базасында дуалды оқыту кезінде білім алушылардың іс-әрекетінің негізгі бағыттары, Кәсіпорын/мекемелерге жолданған білім алушылар саны туралы Кәсіпорын/мекемелермен келісуге.

2.1.2. Кәсіпорын/мекемелерге білім алушылар құрамы тізімін, пәнінің жұмыс оқу бағдарламасын, сонымен бірге, Кәсіпорын/мекемелердің сұранысы бойынша қосымша ақпараттарды дуалды оқыту басталғанға дейін бір ай бұрын, дер уақытында жолдауға.

2.1.3. Академиядан білім алушылардың әрбір тобына әдіскер/кураторларды бекітуге.

2.1.4. Білім алушыларды дуалды оқыту жүйесінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін оқу-әдістемелік әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз етуге.

2.1.5. Білім алушылардың тәлімгерлері дер кезінде дуалды жұмыс оқу бағдарламасын жүзеге асыруда кәсіпорын/мекеме қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсетуге.

2.2. Кәсіпорын/мекеме міндетті:

2.2.1. Дуалды оқытуды ұйымдастыру мен өткізуде білім алушыларға жауапты тұлғаны тағайындауға, ай сайын Университетке білім алушылардың сабаққа қатысуы, үлгерімі және тәртібі туралы деректерді қоса алғанда, белгіленген нысан бойынша дуалды оқытуды іске асыру барысы туралы жазбаша есеп беруге;

2.2.2. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар жүргізуге және білім алушыларды дуалды оқытуды іске асыруға тартылған жұмыс орындарына бөлуге;

2.2.3. Білім алушыларды білім беру бағдарламасының мақсаттары мен мазмұнын көрсететін кәсіби міндеттерді орындауға

1.4 Все права и обязанности, не оговоренные настоящим договором, исполняются так, как указано в Положении о дуальной системе обучения ТОО «Казахский национальный университет спорта».

2. ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

2.1. Университет обязуется:

2.1.1. Согласовывать с Предприятием/учреждением рабочую учебную программу дисциплины дуального обучения, сроки проведения обучения на базе Предприятия/учреждения, основные направления деятельности обучающихся в период дуального обучения на базе Предприятия/учреждения, количество обучающихся, направляемых Учреждением на Предприятие/учреждение.

2.1.2. Своевременно, не позднее, чем за месяц до начала дуального обучения, направлять на Предприятие/учреждение списочный состав обучающихся, согласованную рабочую учебную программу дисциплины, а также дополнительную информацию по запросу Предприятия/учреждения.

2.1.3. Закрепить за каждой группой обучающихся методистов/кураторов от Академии.

2.1.4. Обеспечивать обучающихся учебно-методической литературой и материалами, соответствующими целям и задачам системы дуального обучения.

2.1.5. Оказывать работникам Предприятия/учреждения – наставникам обучающихся, своевременную методическую помощь в реализации рабочей учебной программы дуального обучения.

2.2. Предприятия/учреждение обязуется:

2.2.1. Назначить ответственного за организацию и реализацию дуального обучения обучающихся, а также обеспечить ежемесячное предоставление в Университет письменного отчета о ходе реализации дуального обучения по установленной форме, с указанием показателей посещаемости, успеваемости и дисциплины обучающихся.

2.2.2. Проводить инструктажи по технике безопасности и распределять обучающихся по

тартуға;

2.2.4. Білім алушыларды дауды оқытуға Университетпен келісілген мөлшерде және мерзімде қабылдауға;

2.2.5. Білім алушыларға заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттардан басқа тәжірибелік материалдар мен ақпараттарға қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

2.2.6. Білім алушылардың мекемеде ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауын жүзеге асыруды бақылауға.

2.2.7. Білім алушыларға жабдықталған оқу аймақтарымен, қажетті жабдықтар мен құралдарды қоса алғанда, оқу процесінің талаптарына сәйкес келетін жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ іске асырылып жатқан білім беру бағдарламасы шеңберінде нақты кәсіби қызметке қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

2.2.8. Білім алушыларға қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалар жүргізуді қоса алғанда, оқудың және практикалық қызметтің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге, ал қажет болған жағдайда — еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуды ұйымдастыруға;

2.2.9. Дуалды оқыту аяқталғаннан кейін әрбір білім алушыға мінездеме беруге, сондай-ақ дуалды оқыту шеңбері аясында білім беру бағдарламасын сапалы игергендігін көрсететін бағалар қоюға;

2.2.10. Мемлекеттік білім беру тапсырысы (мемлекеттік білім беру гранты) бойынша білім алатын түлектердің кандидатураларын тиісті бос орындар болған жағдайда алған мамандығы (біліктілігі) бойынша жұмысқа орналастыру мүмкіндігі үшін қарауға;

2.2.12. Білім алушылардың кәсіпорын/мекеме аумағында болуының қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті жүзеге асыруға және жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша шаралар қабылдауға.

рабочим местам, задействованным в реализации дуального обучения.

2.2.3. Привлекать обучающихся к выполнению профессиональных обязанностей, отражающих цели и содержание их образовательной программы.

2.2.4. Принимать обучающихся на дуальное обучение в количестве и в сроки, согласованные с Университетом.

2.2.5. Предоставлять обучающимся доступ к практическим материалам и процессам за исключением информации, составляющей охраняемую законом тайну.

2.2.6. Осуществлять контроль выполнения обучающимися правил внутреннего трудового распорядка на Предприятии.

2.2.7. Обеспечить обучающимся условия, соответствующие требованиям учебного процесса, включая оснащённые учебные зоны, необходимое оборудование и инвентарь, а также предоставить доступ к реальной профессиональной деятельности в рамках реализуемой образовательной программы;

2.2.8. Обеспечить обучающимся безопасные условия обучения и практической деятельности, включая проведение обязательных инструктажей по технике безопасности и охране труда, а при необходимости — организовать обучение безопасным методам труда.

2.2.9. По завершении дуального обучения предоставить характеристику на каждого обучающегося, а также выставить оценки, отражающие качество освоения образовательной программы в рамках дуального обучения.

2.2.10. Рассматривать кандидатуры выпускников, обучающихся по государственному образовательному заказу (государственному образовательному гранту), для возможного трудоустройства по полученной специальности (квалификации) при наличии соответствующих вакансий.

2.2.12. Осуществлять ответственность за обеспечение безопасных условий пребывания обучающихся на территории Предприятия/учреждения и принимать меры по предотвращению несчастных случаев.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Университет құқықтары:

3.1.1. Білім алушының дуалды оқытуды кәсіпорыннан/мекемеден өтуді жүзеге асыруын бақылауға;

3.1.2. Кәсіпорынға/мекемеге оқытушылық-профессорлық құрамды тағылымдамадан өтуге жіберуге.

3.2. Кәсіпорын/мекеме құқығы:

3.2.1. Дуалды оқыту кезеңінде еңбек тәртібі ережелерін бұзған жағдайда білім алушыларға тәртіптік шаралар қолдану (ескерту жасау, оқу сабақтарынан уақытша шеттету, Университетке ресми хат жолдау);

3.2.2. Университетке оқуын аяқтаған соң білім алушы өндірістегі мүмкіндікті пайдалану ұсынысын енгізуге;

3.2.3. Қызметтің бейіндік түрі бойынша өзгеретін қажеттіліктерге сәйкес білім беру бағдарламасын (вариативтік бөлігін) өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

3.2.4. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуына тиісті бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіпорын/мекеме аумағында білім алушылармен жазатайым оқиғалар туындаған жағдайда қажетті шараларды қабылдауға.

4. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

4.1. Осы шарт тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптардың біреуі шартты тоқтатуға өз бастамасын танытқан жағдайға дейін мерзімсіз болып табылады. Бұл жағдайда, келісім-шарт ағымдағы оқу жылы аяқталғаннан кейін 2 апта ішінде тоқтатылуы мүмкін;

4.2. Келісім-шарт тараптардың бірінің бастамасы бойынша болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте бұзылуы мүмкін, бұл ретте Тараптар оқу жоспарын толық орындай отырып, ағымдағы оқу триместрінің аяқталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

4.3. Қосымша шарттар және Келісім-шартқа өзгерістер Тараптармен он күн ішінде қаралады және қосымша келісімдермен

3. ПРАВА СТОРОН

3.1. Права Университета:

3.1.1. Осуществлять контроль за прохождением дуального обучения обучающихся на Предприятии/учреждении;

3.1.2. Направлять преподавательский-профессорский состав на стажировки на Предприятие/учреждение.

3.2. Права Предприятия/учреждения:

3.2.1. Применять к обучающимся меры дисциплинарного воздействия в случае нарушения ими правил трудового распорядка в период прохождения дуального обучения (вынесение предупреждения, временное отстранение от учебных занятий, направление уведомления в Университет).

3.2.2. Вносить предложения о возможном использовании обучающегося на производстве после окончания учебы в Университет.

3.2.3. Вносить предложения об изменении образовательной программы (вариативной части) в соответствии с изменяющимися потребностями по профильному виду деятельности;

3.2.4. Обеспечивать надлежащий контроль за соблюдением требований охраны труда и техники безопасности, а также принимать необходимые меры в случае наступления несчастных случаев с обучающимися на территории предприятия/учреждения.

4. СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА

4.1. Настоящий Договор вступает в силу с момента его подписания Сторонами и является бессрочным до тех пор, пока одна из сторон не проявит инициативу по его расторжению. В этом случае договор может быть расторгнут в течение 2-х недель по завершению текущего учебного года.

4.2. Договор может быть расторгнут досрочно по инициативе одной из Сторон не ранее чем за 30 (тридцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения, при этом Стороны обязуются обеспечить завершение текущего учебного триместра с полным выполнением учебного плана.

4.3. Дополнительные условия и изменения к Договору рассматриваются Сторонами в десятидневный срок и оформляются

құжатталады. Келісім-шартқа толықтырулар Тараптардың қол қойған күнінен бастап оның ажырамас бөлігі болып табылады.

дополнительными соглашениями. Дополнения к Договору является его неотъемлемой частью с момента подписания Сторонами.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін сақтамағаны үшін жауапқа тартылады;

5.2. Тараптар еңсерілмейтін күштің ықпалы нәтижесі салдарынан болған жағдайда осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапқа тартылмайды;

5.3. Кәсіпорын / мекеме білім алушыларды олардың білім беру бағдарламасымен байланысты емес қызметке мақсатты түрде тартпағаны үшін, сондай-ақ бекітілген дуальды оқыту бағдарламасын орындамағаны үшін жауап береді;

5.4. Тараптар дуальды оқытудан өту кезеңінде білім алушылардың жол жүруіне, тамақтануына, тұруына арналған шығындары білім алушылардың есебінен өтелетінін келіседі (егер жекелеген келісімде өзгеше көзделмесе);

5.5. Тараптар білім алушылардың дербес деректерін өңдеу және қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

6. БАСҚА ШАРТТАР

6.1. Осы Келісім-шартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

6.2. Осы Келісім-шарттың орындалу кезінде туындаған даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың келісімі бойынша шешіледі.

6.3. Келісім-шарт әрқайсысының заңдық күші бірдей болып табылатын 2 данада жасалды.

5. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН

5.1. Стороны несут ответственность за невыполнение своих обязательств по настоящему Договору в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

5.2. Стороны освобождаются от ответственности за неисполнение обязательств по настоящему Договору, если это явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы;

5.3. Предприятие/учреждение несет ответственность за нецелевое привлечение обучающихся к деятельности, не связанной с их образовательной программой, а также за невыполнение утвержденной программы дуального обучения.

5.4. Стороны согласуют, что расходы обучающихся на проезд, питание, проживание в период прохождения дуального обучения покрываются за счёт обучающихся (если иное не предусмотрено отдельным соглашением).

5.5. Стороны обязуются соблюдать требования законодательства Республики Казахстан в части обработки и защиты персональных данных обучающихся.

6. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ

6.1. Вопросы, не урегулированные настоящим Договором, решаются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

6.2. Споры и разногласия, возникающие в процессе выполнения условий настоящего Договора, разрешаются по соглашению Сторон.

6.3. Договор составлен в двух экземплярах, каждый из которых имеет одинаковую юридическую силу.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ/РЕКВИЗИТЫ СТОРОН

Тапсырыс беруші/Заказчик:

Орындаушы/Исполнитель:

Ректор /
Ректор _____ **А.Т.Ә.**
М.О./М.П.

Мекеме басшысы/
Руководитель организации _____ **ФИО**
М.О./М.П.

**Дуалды оқыту элементтерін іске асыру
туралы
ҮШЖАҚТЫ ШАРТ № _____**

Астана қ. «___» _____ 20__ ж.

«Қазақ ұлттық спорт университеті» ЖШС, БИН 210340015567, бұдан әрі – «Университет» деп аталып, Жарғы негізінде әрекет етуші ректор Куанғалиева Турсынзада Куанғалиевна тұлғасында, бірінші жағынан, _____ бұдан әрі «Кәсіпорын/мекеме» деп аталатын, Жарғы (Ереже) негізінде әрекет ететін директоры _____, екінші жағынан, және _____, бұдан әрі «білім алушы» деп аталатын азамат(ша), үшінші жағынан, **университет білім алушыларының тәжірибелік даярлық сапасын көтеру жолында ынтымақтастықты дамыту және дуалды оқыту жүйесін енгізу мақсатында төменде көрсетілгендер бойынша осы шартты (келесі мәтін бойынша-Шарт) жасады:**

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Білім беру ұйымы _____ жылы _____ білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түскен білім алушыны оқытуды жүзеге асырады.

1.2 Кәсіпорын/мекеме білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес білім алушыны зертханалар, оқу-өндірістік орталықтар және басқа да базалар негізінде оқу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

1.3. Білім алушы өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті түрде орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын меңгереді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 *Университет міндеттенеді:*

2.1.1 _____ білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыны оқу бағдарламасына және кәсіпорын негізінде

**ТРЕХСТОРОННИЙ ДОГОВОР № _____
по реализации элементов дуального обучения**

г. Астана «___» _____ 20__ г.

ТОО «Казахский национальный университет спорта», БИН 2103400155676 именуемое в дальнейшем «Университет», в лице Ректора Куанғалиевой Турсынзады Куанғалиевны, действующего на основании Устава, с одной стороны, _____ именуемый в дальнейшем «Предприятие/учреждение», в лице директора _____, действующего на основании Положения (Устава), с другой стороны, и гражданином(кой) _____ именуемым(ой) в дальнейшем «обучающийся», с третьей стороны, в целях дальнейшего развития сотрудничества в области повышения качества практической подготовки обучающихся университета и внедрения дуальной системы обучения заключили настоящий Договор (далее по тексту - Договор) о нижеследующем:

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1 Организация образования осуществляет обучение обучающегося, поступившего в _____ году по образовательной программе _____.

1.2 Предприятие/учреждение обеспечивает обучающемуся возможность обучения на базе лабораторий, учебных образовательных центров и др. в соответствии с профилем образовательной программы.

1.3 Обучающийся осваивает образовательную программу с целью получения ключевых и профессиональных компетенций, позволяющих квалифицированно выполнять производственные функции и задачи.

2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

2.1 *Университет обязуется:*

2.1.1 Направить на предприятие обучающегося по образовательной программе _____ для обучения в соответствии с программой и

дуалды оқытуды жүргізу уақытына сәйкес кәсіпорынға/мекемеге жіберу;

2.1.2 Білім алушыны осы Шартта белгіленген, оның міндеттері мен жауапкершілігімен таныстыру;

2.1.3 Кәсіпорынмен білім беру бағдарламасының пәндері бойынша жұмыс оқу бағдарламасын келісу;

2.1.4 Дуалды оқыту басталғанға дейін бір ай бұрын кәсіпорынға/мекемеге білім алушылардың тізімін, бірлескен қызмет жоспарын (кәсіпорында білім алушылардың оқу кестесі мен кәсіпорын өкілдерінің Университетте оқу сабақтарын өткізу кестесімен бірге), сондай-ақ кәсіпорынның/мекеменің сұранысы бойынша қосымша ақпаратты жіберу;

2.1.5 Кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;

2.1.6 Кәсіпорын қызметкерлеріне дуалды оқытуды жүзеге асыру мен ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсету;

2.1.7 Қажет болған жағдайда кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру.

2.2 Университет құқылы:

2.2.1 Кәсіпорында/мекемеде білім алушылардың дуалды оқудан өтуін бақылауды жүзеге асыру.

2.3. Кәсіпорын/мекеме міндеттенеді:

2.3.1 Білім алушылардың өндірістік оқуын өтеусіз негізде ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

2.3.2 Кәсіпорын басшылары арасынан білім алушылардың дуалды оқуын жүргізу мен ұйымдастыру үшін жауаптыны тағайындау;

2.3.3 Білім алушыға кәсіпорында қауіпсіз оқу жағдайларын қамтамасыз ету (еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті нұсқаулықтарды өткізу), сондай-ақ қажет болған жағдайда білім алушыға еңбектің қауіпсіз әдістерін үйрету;

2.3.4 Түлекке алынған мамандығына сәйкес бос жұмыс орны болған жағдайда, оны жұмысқа қабылдау мүмкіндігін қарастыру;

2.3.5 Академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушыға білім беру ұйымдарында өндірістік оқу үшін жұмыс орындарын ұсыну;

2.3.6 Білім алушыны дуалды оқыту бағдарламасында қарастырылмаған және оның

сроками проведения дуального обучения на базе предприятия/учреждения;

2.1.2 Ознакомить обучающегося с его обязанностями и ответственностью, указанными в настоящем Договоре;

2.1.3 Согласовать с предприятием рабочую учебную программу дисциплин образовательной программы;

2.1.4 За месяц до начала дуального обучения, направлять на предприятие/учреждение списочный состав обучающихся, план совместной деятельности (с графиком обучения обучающихся на предприятии и ведения учебных занятий представителями предприятия в Университете), а также дополнительную информацию по запросу предприятия/учреждения.

2.1.5 Обеспечить соблюдение обучающимся трудовой дисциплины, правил внутреннего распорядка, обязательных для работников данного предприятия;

2.1.6 Оказывать работникам предприятия методическую помощь в организации и реализации программы дуального обучения;

2.1.7 При необходимости предоставлять предприятию сведения об учебных достижениях обучающегося.

2.2 Университет имеет право:

2.2.1 Осуществлять контроль за прохождением дуального обучения обучающихся на предприятии/учреждении.

2.3 Предприятие/учреждение обязуется:

2.3.1 Обеспечивать проведение производственного обучения обучающихся на безвозмездной основе;

2.3.2 Назначить ответственного за организацию и проведение дуального обучения обучающихся из числа руководителей предприятия;

2.3.3 Обеспечить обучающемуся условия безопасного обучения на предприятии (с проведением обязательных инструктажей по технике безопасности и охране труда) и в необходимых случаях проводить обучение обучающегося безопасным методам труда;

2.3.4 Рассмотреть кандидатуру выпускника для принятия на работу в соответствии с полученной специальностью при наличии соответствующей вакансии;

2.3.5 В соответствии с академическим календарем предоставить обучающемуся рабочие места для производственного обучения в организациях образования;

мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда жұмыс істеуге жол бермеу;

2.3.7 Бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтарда, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының оқу пәндерін жүргізу үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;

2.3.8 Білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзу жағдайларының барлығын білім беру ұйымына хабарлау;

2.3.9 Білім алушының дуалды оқыту бағдарламасын орындауы үшін қажетті жағдайларды жасау, сондай-ақ білім беру бағдарламасын сәтті меңгеруі және жеке тапсырмаларды орындауы үшін зертханаларға, кабинеттерге, шеберханаларға, кітапханаға, сызбаларға, техникалық және басқа да қажетті құжаттарға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

2.4. Кәсіпорын/мекеме құқылы:

2.4.1 Жаңа технологиялар мен өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

2.4.2 Кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;

2.4.3 Білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға.

2.5. Білім алушы міндетті:

2.5.1 Оқу орнында кәсіпорын қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы қағидаларын және өндірістік тәртіпті сақтау;

2.5.2 Кәсіпорынның жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау;

2.5.3 Дуалды оқыту бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау;

2.5.4 Оқу кестесіне сәйкес белгіленген уақытта кәсіпорынның қарауына келу;

2.5.5 Ауырған кезде немесе белгілі бір себептермен сабаққа қатыспаған жағдайда департамент директоры мен кәсіпорын/мекеме жетекшісіне растайтын құжаттарды (медициналық анықтамалар, шақыру қағаздары, түсіндірме жазбалар және т.б.) ұсыну;

2.5.6 Оқу барысында және оқу аяқталған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеу.

2.6. Білім алушы құқылы:

2.3.6 Не допускать использования обучающегося на должностях, не предусмотренных программой дуального обучения и не имеющих отношения к специальности обучающегося;

2.3.7 Обеспечить предоставление квалифицированных специалистов для проведения учебных занятий обучающегося в подразделениях (отделах, цехах, лабораториях и так далее);

2.3.8 Сообщать в организации образования обо всех случаях нарушения обучающимся трудовой дисциплины и правил внутреннего распорядка предприятия;

2.3.9 Создать необходимые условия для выполнения обучающимся программы дуального обучения на предприятии с предоставлением возможности пользования лабораториями, кабинетами, мастерскими, библиотекой, чертежами, технической и другой документацией, необходимой для успешного освоения обучающимся образовательной программы и выполнения индивидуальных заданий.

2.4 Предприятие/учреждение имеет право:

2.4.1 Участвовать в разработке образовательной программы в соответствии с новыми технологиями и изменившимися условиями производственного процесса;

2.4.2 Предлагать темы курсовых и дипломных работ в соответствии с потребностями предприятия;

2.4.3 Принимать участие в итоговой аттестации обучающихся.

2.5. Обучающийся обязан:

2.5.1 Соблюдать трудовую дисциплину, правила внутреннего распорядка, правила техники безопасности и производственный распорядок на месте обучения, обязательные для работников предприятия;

2.5.2 Бережно относиться к оборудованию, приборам, документации и другому имуществу предприятия;

2.5.3 Строго соблюдать и выполнять требования программы дуального обучения;

2.5.4 Прибыть в распоряжение предприятия в соответствии с графиком обучения;

2.5.5 В случае болезни и иных уважительных причин отсутствия на занятиях представить директору департамента и руководителю с предприятия/учреждения оправдательные документы (медицинские справки, повестки, объяснительные и пр.).

2.6.1 Кәсіпорын тарапынан тағайындалған жетекшімен келісу арқылы қажетті құрал-саймандарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа да өндірістік материалдарды пайдалану, сондай-ақ кітапхана мен оқу залдарының қоры, зертханалық база, компьютерлер және басқа да техникаға оқу мақсатында еркін қол жеткізу және пайдалану мүмкіндігіне ие болу;

2.6.2 Кәсіби дайындықтан өту барысында денсаулығына келтірілген зиянның өтеуін алуға;

2.6.3 Кәсіби даярлығын аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен соң кәсіпорында иеленген біліктілігі бойынша бос орын болған жағдайда жұмысты жалғастыруға құқылы.

2.5.6 Не разглашать конфиденциальную информацию о предприятии в процессе обучения и после его завершения.

2.6 *Обучающийся имеет право:*

2.6.1 Пользоваться необходимыми инструментами, оборудованием, приборами и другими производственными материалами по согласованию с руководителем, назначенным от предприятия, иметь свободный доступ и пользование фондом учебной, учебно-методической литературы на базе библиотеки и читальных залов, лабораторной базой, компьютерной иной техникой в учебных целях;

2.6.2 На возмещение вреда, причиненного здоровью в процессе прохождения обучения на предприятии;

2.6.3 После завершения профессиональной подготовки и успешного прохождения итоговой аттестации продолжить работу по полученной квалификации на предприятии, при наличии вакансии.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Осы Шартта көзделген міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы жағдайында тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

4.1 Осы Шартты орындау барысында туындаған келіспеушіліктер мен даулар тараптар арасында өзара қолайлы шешімдер қабылдау мақсатында тікелей келіссөздер арқылы реттеледі.

4.2 Тараптар келіссөздер арқылы немесе өзара қолайлы шешімдер қабылдау жолымен шеше алмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

3. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН

3.1 За неисполнение, либо ненадлежащее исполнение своих обязанностей, предусмотренных настоящим Договором, стороны несут ответственность, установленной действующим законодательством Республики Казахстан.

4. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ

4.1 Разногласия и споры, возникающие в процессе выполнения настоящего Договора, разрешаются непосредственно сторонами в целях выработки взаимоприемлемых решений.

4.2 Вопросы, не разрешенные сторонами путем переговоров, выработки взаимоприемлемых решений, разрешаются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Осы Шарт тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және білім алушының оқуын толық аяқтағанға дейін қолданылады.

5.2 Осы Шарттың шарттары тараптардың өзара жазбаша келісімі негізінде өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

5.3 Осы Шарт үш данада жасалады, олардың әрқайсысы Тараптардың әрбіріне беріледі және бірдей заңды күшке ие.

5. СРОК ДЕЙСТВИЯ, ПОРЯДОК ИЗМЕНЕНИЯ УСЛОВИЙ ДОГОВОРА И ЕГО РАСТОРЖЕНИЕ

5.1 Настоящий договор вступает в силу со дня его подписания сторонами и действует до полного завершения обучения обучающимся.

5.2 Условия настоящего Договора могут быть изменены и дополнены по взаимному письменному соглашению сторон.

5.3 Настоящий договор заключается в трех экземплярах по одному экземпляру для каждой Стороны имеющих одинаковую юридическую силу.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ/РЕКВИЗИТЫ СТОРОН

Тапсырыс беруші /
Заказчик:

(юридический адрес)

Білім алушы /
Обучающийся:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) толық) / Фамилия, имя, отчество (при его наличии) полностью)

(туған күні, ЖСН, жеке куәлік №, кіммен және қашан берілді / дата рождения, ИИН, № уд. личности, когда и кем выдано)

(мекен-жайы, телефон / домашний адрес, телефон)

Орындаушы /
Исполнитель:

(юридический адрес)

Ректор /
Ректор

М.О./М.П.

Білім алушы /
Обучающийся

(қолы/подпись)

Жетекші/
Руководитель

М.О./М.П.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ УНИВЕРСИТЕТІ

КЕЛІСІЛДІ

Кәсіпорын/мекеме жетекшісі

«__» _____ 20__ ж.

БЕКІТІЛДІ

Декан

«__» _____ 20__ ж.

**20__–20__ оқу жылына
дуальды оқыту элементтерін іске асыру шеңберінде сабақтарды өткізу
КЕСТЕСІ**

Курс:

Тобы:

Триместр:

Оқу бағдарламасы: _____
(код және оқу бағдарламасының атауы)

№	Пән атауы	Кредит саны (сағат)		Білім алушылар саны	Өткізу орны	Тәлімгер аты-жөні, лауазымы
		ОЖЖ бойынш а жалпы	Практ.			

Департамент атауы _____
(қолы)

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ УНИВЕРСИТЕТІ

КЕЛІСІЛДІ

Кәсіпорын/мекеме жетекшісі

«__» _____ 20__ ж.

БЕКІТІЛДІ

Декан

«__» _____ 20__ ж.

**20__–20__ оқу жылына
дуальды оқыту элементтерін іске асыру шеңберінде сабақтарға жіберілетін
білім алушылардың тізімі**

№	Білім алушылар аты-жөні	Курс	Тобы	Мерзімі

Департамент атауы _____
(қолы)

Қазақ ұлттық спорт
университетінің ректоры

студент _____
тобы _____
білім беру бағдарламасы

ӨТІНІШ

Мені _____ білім беру бағдарламасы аясында
дуальды оқыту жүйесі бойынша оқудан өту үшін серіктес ұйымның базасына:
_____ жіберуіңізді сұраймын.

Дуальды оқыту жүйесі бойынша оқудан өту шарттарымен таныстым. Академияның
және серіктес ұйымның ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға, сондай-ақ дуальды оқытуды іске
асыру туралы шартта белгіленген барлық талаптарды орындауға міндеттенемін.

_____ 202__ ж.
Қолы _____ /аты-жөні/

Танысу парағы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Мерзімі	Қолы